

"Автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және орналасқан жерге арналған базалық салық мөлшерлемесін ұлғайту туралы" 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 69/628-6с Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 23/221-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 желтоқсанда № 31281 болып тіркелді

Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шымкент қаласы мәслихатының "Автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және орналасқан жерге арналған базалық салық мөлшерлемесін ұлғайту туралы" 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 69/628-6с шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2 қосымшалары осы шешімге 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы
мәслихатының хатшысы*

*Б. Нарымбетов
Шымкент қаласы мәслихатының
2022 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 23/221-VII шешіміне 1-қосымша
Шымкент қаласы мәслихатының
2020 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 69/628-6с шешімнің 1 қосымшасы*

Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары
1.	Ақылы автотұрақтар (паркингтер)
2.	Ақысыз автотұрақтар (паркингтер)

*Шымкент қаласы мәслихатының
2022 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 23/221-VII шешіміне 2-қосымша*

**Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге арналған базалық салық мөлшерлемесінің
ұлғаюы**

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Базалық салық мөлшерлемесінің ұлғаюы
1.	Ақылы автотұрақтар (паркингтер)	он есе
2.	Ақысыз автотұрақтар (паркингтер)	бес есе